


АДАЛДЫҚ ДУКЕНІ

<https://www.instagram.com/p/C2PypUBseR0/?igsh=ZGczemsyemlrbWJt>

2023 – 2024 оқу жылы барысында мектебімізде «Адалдық дүкені» өз жұмысын жалғастырды.

«Адалдық дүкенінің» мақсаты: оқушылардың бойына адалдық қасиеттерін сініру, оларды адалдыққа және әдептілікке баулу болып табылады.



«Волонтер дегеніміз не?» республикалық семинар

<https://www.instagram.com/p/Cx48ri7M0gb/?igsh=MTNnaHVmdWk2bXdwaA==>

2023 – 2024 оқу жылының 11 қазан күні «Ақтөбе облыстық жастар мен балалар ұйымдарының қауымдастыры» ЗТБ тәрағасының ұйымдастыруымен өткен «**Волонтер дегеніміз не?**» атты республикалық семинарына мектебіміздің еріктілер тобы қатысып, өздеріне қажетті мәліметтерді алып келді. Семинарга қатысқан барлық еріктілер тобы сертификатпен марапатталды.



«БІЗ ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫМЫЗ» қалалық ең үздік плакат байқауы

2023 – 2024 оқу жылы барысында жалпы және қосымша білім беру үйымдарының оқушылары арасында 25 қазан Республика құніне орай үйымдастырылған «**БІЗ ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫМЫЗ**» қалалық ең үздік плакат байқауына мектебіздің 9 – 10 сынып оқушылары қатысып екі оқушымыз **ІІІ ДӘРЕЖЕЛІ дипломмен**, бір оқушымыз **сертификатпен** марапатталды.

Жетекшілері: Жайлышбаева М.С.

Бижанова И.Н.

Кайырова Ж.М.



ВОЛЕЙБОЛ жарысы

2023 – 2024 оқу жылының 1 – қараша күні мектебімізде «**ҰЛТТЫҚ МЕКТЕП ЛИГАСЫ**» жобасы аясында 10 – 11 – класс окушыларынан құралған «Адал ұрпак» еріктілер тобының арасында волейбол жарысы өткізілді.

Жарыстың мақсаты: «салауатты өмір салтын қалыптастыру, білім алушылардың бос уақытын тиімді пайдалану, сыйыптар арасындағы ынтымақтастық, достық құндылықтарды нығайту»

Жарыс корытындысы бойынша:

I орын – 11 «Ә» класы

II орын – 10 «Б» класы

III орын – 11 «А» класы

Алғыс хат – 10 «Ә» класы иеленді



ТЕАТР күні

2023 – 2024 оқу жылшының 10 – қараша күні «Балалар театры» жобасы аясында мектебіміздің «Адал ұрпақ» еріктілер тобынан құралған 7 – 11 сынып оқушылары Ақтөбе облыстық Т.Ахтанов атындағы драма театрына барып қойылым тамашалады.



«Бақытты балалық шақ» балалар көзімен сурет байқауы


2023 – 2024 оқу жылшының 4 – желтоқсан күні мектебімізде 1 – 9 сынып оқушылары «Адал ұрпақ» еріктілер тобы мүшелері арасында «Зорлық – зомбылыққа қарсы 16 күн белсенділік» халықаралық акциясы аясында «Бақытты балалық шақ» балалар көзімен сурет байқауы өткізілді.

Байқау мақсаты: Балалық балдырыған шақтың қызықтарын балаларға түсіндіріп, ой – өрістерін, ойлау логикаларын дамыту



ҚАР ТАЗАЛАУ акциясы

2023 – 2024 оқу жылының 24 – қаңтар күні «Оқушылардың бойында адамгершілік, инабаттылық, қамқорлық қасиеттерін дамыту» мақсатында «Еңбегі ерен жас өрен» жобасы аясында мектебіміздің 8 – 10 сынып оқушыларынан құралған «Адал ұрпақ» еріктілер клубы мүшелері қалың қар басқан мектеп ауласын қардан тазалап иті іс жасады. Бұндай игі істер алдағы уақытта да жалғасын табатынына сеніміміз мол.



«YMIT» БАЛАЛАР ҮЙІ

2023 – 2024 оқу жылының 22 – қаңтар күні «Оқушылардың бойында адамгершілік, инабаттылық, камқорлық қасиеттерін дамыту» мақсатында «Еңбегі ерен жас өрен» жобасы аясында мектебіміздің «Адал ұрпақ» еріктілер клубы мүшелері «Ymit» балалар үйіне барып жас бұлдіршіндерге сый – сияптын көрсетті. Бұндай игі істер алдағы уақытта да жалғасын табатынына сеніміміз мол.



ТҮСІНДІРМЕ ЖҰМЫСТАРЫ

2023 – 2024 оқу жылы барысында мектебімізде 31 – қаңтар күні мектеп директорының оқу – тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Уразалин сыйайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және алаяқтар бойынша педагогтерге түсіндіру жұмыстарын жүргізді.



ҚАР ТАЗАЛАУ АКЦИЯСЫ

2023 – 2024 оқу жылының 05 – ақпан күні «Оқушылардың бойында адамгершілік, инабаттылық, камқорлық қасиеттерін дамыту» мақсатында «Еңбегі ерен жас өрен» жобасы аясында мектебіміздің 8 – 10 сынып оқушыларынан құралған «Адал ұрпақ» еріктілер клубы мүшелері қалың қар басқан мектеп ауласын қардан тазалап иті іс жасады. Бұндай игі істер алдағы уақытта да жалғасын табатынына сеніміміз мол.



«ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ЖАСАУҒА АСЫГАЙЫҚ...»

2023 – 2024 оқу жылшының 7 ақпан күні мектебіміздегі «Қайырымдылық жасауға асығайық...» тақырыбында жәрменеке өткізілді. Жәрмененге барлық «Адал ұрпак» еріктілер клубы мүшелері жоғары деңгейде атсалысып қатысты. Жәрменеке жоғары деңгейде өтті.

МАҚСАТЫ: «Жас ұрпақ бойында қайырымдылық, ізеттілік, инабаттылық қасиеттерін дамыта отырып білімалушыларды қайырымдылық жасауға тәрбиелеу»



«АЛҒЫС АЙТУ – ПАРЫЗЫМ»

2023 – 2024 оқу жылының 01 – наурыз «Алғыс айту» күніне орай «Алғыс айту – парызым» тақырыбында «Еңбегі ерен жас өрен» жобасы аясында мектебіміздің «Адал ұрпақ» еріктілер клубы мүшелері «Карттар үйіне» барып мерекелік кеш ұйымдастырды. Бұндай игі істер алдағы уақытта да жалғасын табатынына сеніміміз мол.



ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР БАЙҚАУЫ

2023 – 2024 оқу жылының 20 – наурыз күні «ҰЛТТЫҚ МЕКТЕП ЛИГАСЫ» жобасы аясында мектебіміздің «Адал ұрпак» еріктілер клубының мүшелері арасында «Ұлыстың ұлы күні - НАУРЫЗ» қарсаңында ұлттық ойындар түрлерінен сайыс ұйымдастырылды. Сайыста:

- 1. Тенге алу;**
- 2. Жаяу қөкпар;**
- 3. Жауырын тартыс;**
- 4. Оқтау тартыс;**
- 5. Қол күрес;**
- 6. Гір көтеру**

МАҚСАТЫ: «Білім алушылардың бойына ұлттық ойындарды дәріптеу, салауатты өмір салтын қалыптастыру»



ФУТБОЛ ЖАРЫСЫ

2023 – 2024 оқу жылының 23 – наурыз күні мектебімізде «ҰЛТТЫҚ МЕКТЕП ЛИГАСЫ» жобасы аясында оқушылардың көктемгі демалыс кезіндегі бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында 9 – 10 – 11 – класс оқушыларынан құрылған «Адал ұрпақ» еріктілер клубы мүшелері арасында футболдан мектеп лигасы өткізілді.



«ЖАЛПЫҚАЛАЛЫҚ» СЕНБІЛІК

2023 – 2024 оқу жылының 6 – сөүір күні мектебіміздің 6 – сынып оқушыларынан құралған «Адал ұрпақ» еріктілер клубы мүшелері ЖАЛПЫҚАЛАЛЫҚ сенбілікке қатысты.

Сенбіліктің мақсаты: экологиялық мәдениетті сақтай отырып мектеп аумағына тазалық жұмыстарын жасау.



ТАЗА СЕНБІЛІК

2023 – 2024 оқу жылының 20 – сәуір күні мектебіміздің 7 – сынып оқушыларынан құралған «Адал ұрпақ» еріктілер клубы мүшелері ТАЗА СЕНБІЛІКке қатысты.

Сенбіліктің мақсаты: экологиялық мәдениетті сақтай отырып мектеп аумағына тазалық жұмыстарын жасау.



«ҚҰСТАРҒА ҰЯ СЫЙЛА» АКЦИЯСЫ

2022 – 2023 оқу жылшының 30 сәуір күні Республикалық «Таза Қазақстан» акциясы аясында өткізілген «Құстарға ұя сыйла» шарасында мектебіміздің еріктілері өз қолдарымен жасаған ұяларды ағаштарға отырғызып, акцияға өз үлестерін қости.



МЕРЕКЕЛІК ҚҰТТЫҚТАУ

2023 – 2024 оқу жылының 11 мамыр күні мектебіміздің «Адал ұрпақ» еріктілер тобы Ұлы жеңіс мерекесі қарсанында тыл ардагерлерінің үйіне барып құттықтаап, бейбіт күнді орнатуға қосқан үлестері мен соғыстан кейінгі атқарған жемісті еңбектері үшін шын жүректен алғыстарын білдіріп, сыйлықтарын табыстады.



«ИГІ ІСТЕР» АКЦИЯСЫ

2023 – 2024 оқу жылының 19 мамыр күні «Мамыр – Ынтымақ айы» шеңберінде «Игі істер акциясы» және «Біз бір – бірімізге керекпіз» жобасы аясында мектебіміздің 7 – сынып оқушыларынан құралған «Адал ұрпақ» еріктілер тобы «YMIT» балалар үйіне барды.

МАҚСАТЫ: Білім алушыларды ерекше мейірімділікке, үлкенде сыйлап, кішіні құрметтеуге, қайырымды игі іс жасауға тәрбиелеу.

